

*Түркістан облысының білім басқармасының «Жамбыл Қаппаров
атындағы №5 мамандандырылған физика-математикалық
мектеп-интернат» КММ*

Желтоқсан айында атқарылған жұмыстың есебі

*Орындаған әлеуметтік педагог:
Ж.Қ.Лесбаева*

Атбұлақ 2024 жыл

Түркістан облысының білім басқармасының Жамбыл Қаппароватындағы
№ 5 мамандандырылған физика – математикалық мектеп - интернат»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің 2023-2024 оқу жылындағы желтоқсан
айында әлеуметтік педагогтың атқарған жұмыстарының есебі

1. Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалармен әлеуметтік статустағы оқушылардың сабақтарына ену.
2. Әлеуметтік қамқорлықтағы оқушыларды «Жаңа жылдық» сыйлықпен қамтамасыз ету.
3. Әлеуметтік мәртебеге ие оқушыларды мерекелік іс-шараларға қатыстыру.
4. Толық емес, көпбалалы және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалармен әлеуметтік статустағы оқушыларды интернат асханасынан тегін тамақпен қамтылуын қадағалау.

**Жетім және ата-ана қамқорлығынсыз қалған балалармен
әлеуметтік статустағы оқушылардың сабақтарына ену.**

Сабаққа қатысу нәтижесінде мұғалімдердің жалпы білім беру дағдыларын қалыптастыру бойынша жұмыс жүйелі жүргізетіндігін көрсетті: негізгіні табу, салыстыру, қойылған сұрақтарға толық жауап беру. Сабақтарда үнемі зерттелген материалды қайталау және бекіту жұмыстары жүргізіледі. Математика және геометрия пәні мұғалімі Турабекова Айсұлу апай сабақта жұмыстың әртүрлі формаларын қолданды: әңгіме, оқулық материалымен жұмыс, сөздікпен, үлестірмелі материалдармен жұмыс, топтық, сараланған және жұптастырылған жұмыстар; тапсырмаларды құрастыру, фронтальды сауалнама жеке жұмыспен үйлеседі. Сабақта әртүрлі әдістер қолданылды: ауызша, көрнекілік, практикалық. есептерді шешу, есептеудің әртүрлі түрлері, геометриялық есептерді шешу жұмыстары жүргізіледі. Мұғалімнің оқушылардың психологиялық ерекшеліктері ескеріп отырды. Мұғалім әр оқушыны мақсатқа жетуге әрекеттенеді. Сабақ уақытын ұтымды пайдалануға тырысады, әртүрлі формалар мен әдістерді қолдану арқылы бүкіл сабақта оқушылардың қызығушылықтарын дамытады. Сабақтағы оқу уақыты оңтайлы пайдаланылды, сабақтың жоспарланған көлемі орындалды. Сабақтың қарқындылығы оқушылардың психофизикалық ерекшеліктеріне сай болды. Сабақ қойылған мақсаттарға жетті.

**Әлеуметтік қамқорлықтағы оқушыларды «Жаңа жылдық»
сыйлықпен қамтамасыз ету .Әлеуметтік мәртебеге не оқушыларды
мерекелік іс-шараларға қатыстыру.**

Жаңа жыл ең қызықты, қуанышты, ерекше мереке. Жаңа жыл ересек адамның да, балалардың да ең сүйікті мерекесі. Мектебімізде мерекеге дайындық бұрын басталды. Мұғалімдер мен оқушылар жаңа өлеңдер, жаңа жыл тақырыбы бойынша әңгімелер жүргізді, жаңа жылға байланысты әр халықтың салт дәстүрлерімен танысып, өлеңдер оқып, ән шырқап, би биледі. Залдың ортасында әсем безендірілген биік шырша орнатылды. Оқушылар ертегі әлемін аралап, тәтті шай ішіп, мерекелік сыйлық алып, қуанышқа бөленіп келді. Тамаша мерекелік шараны ұйымдастырып өткізген үшін шексіз алғысымызды мектеп басшысы Ж.Т.Ахмедовке, директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары И.Бегайдароваға және тәрбиешілерге алғысымызды білдіреміз.

Мереке қарсаңында әлеуметтік статустағы 5 оқушыға жаңа жылдық сыйлық табысталды. Мектепішілік жаңа жылдық мерекелерді де өте қызықты, ерекше көңілді өткізді. Мерекелік бағдарлама барысында жаңа жылдық көріністер қойылып, көңілді флешмоб өткізілді. Оқушылар қызықты қойылымдар тамашалап, ән айтып, би биледі Оқушылар өте жақсы көңіл күйде болды.

Жаңа жылдық мереке іс- шараларды өткізуде демеушілік көмек көрсеткен басшымызға және мұғалімдерге ерекше алғыс айтылды.


**Толық емес,көпбалалы және ата-ана қамқорлығынсыз қалған
балалар мен әлеуметтік статустағы оқушыларды интернат
асханасынан тегін тамақпен қамтылуын қадағалау.**

Жаңа оқу жылында мектебімізде 335 оқушыны құрады. Мектепте мемлекеттік қызмет көрсету тәртібіне сәйкес құжаттар жинақталып, мектепішілік бұйрық шығарылды. Сонымен қатар, мектепте тегін ыстық тамақпен қамтылатын оқушылар тізімі бекітіліп, құжаттар рәсімделіп, ыстық тамақ ішетін оқушылардың тізімі бекітілді.

Қыркүйек айынан бастап ыстық тамақ ішетін оқушылардың саны 32-і оқушыны құрап отыр. Асханада барлық санитарлық-гигиеналық талаптар сақталған. Нақтырақ айтсақ, асханаға арнайы санитарлық нормаларды сақтау туралы және бетперде тағу туралы белгілер, әлеуметтік арақашықтық сақтау белгілері, антисептиктер орнатылған. Бракераждық комиссия мүшелерімен біріге отырып, аптасына бір рет оқушылардың тамақтану кестесіне сәйкес уақытылы тамақтануы және күнделікті берілетін тамақтың сапасы, құрамы, температурасы бақылап, тексеріп отырды. Әсіресе, оқушылардың денсаулығына қауіпті астардың болдырмауы мен

уланудың алдын алу үшін мектептің әлеуметтік педагогы мен мейірбекесі күнделікті мәзірден сынама жүргізеді. Сонымен қатар, асхананың жалпы тазалығы, қол жуатын орынның талапқа сай болуы, асханада тиым салынған заттардың сатылымға шықпауы және асхана қызметкерлерінің жай-күйі мен санитарлық-гигиеналық талаптарға сай болуы (арнайы киім формасының болуы, тазалығы т.б.) бақылауда ұсталынады және кемшілік байқалған сәтте ескертулер беріледі. Асханада қол жуатын орында сабын, асхана залында сағат, температура өлшегіш құрал мен тіркеу журналы, ас мәзір бұрышы, ата-аналардың арыз-шағым, ұсыныс жазатын журналдары бар.



Мектеп директоры:  Ж.Т.Ахмедов